

БЕКІТЕМІН
«Әлия» бобекжай – балабақтасының
меңгерушісі: Рәсет К.А. Досмуратова




ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №2

Кентау қаласы

24.10.2022жыл

№	Педагогикалық кеңестер тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p>Тақырыбы: «Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту»</p> <ol style="list-style-type: none">№1 педкеңес шешімінің орындалуыТақырыптық бақылау «Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптасуы». <p>Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру</p> <ol style="list-style-type: none">1) Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күнібойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту2) Кітап бұрышын жасау, толықтыруға ата-аналарды тарту, ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау4. «Балалардың коммуникативтік қабілеттерінің дамуында театрландырылған әрекеттің рөлі»5. Педагогикалық ой-салулар қоры: «Артикуляциялық гимнастиканың дыбыстарды дұрыс айтудағы рөлі»6. «Коммуникативтілікті дамыту және командамен жұмыс істей білуге арналған ойындар»7. Педагогикалық кеңес шешімі	Қазан айы	Менгеруші К.А. Досмуратов, Әдіскер С.Н. Байболова, Барлық педагог мамандар, Барлық топ тәрбиешілері



**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әлия» бөбекжай – балабақшасы МКҚК**

Тақырыбы: *«Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту»*

Кентау 2022 жыл

Тақырыбы: «Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту»

Жоспар:

I. Кіріспе

"Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық технологияларды қолдану»

II. Негізгі бөлім

1. «Фребель сыйы». Фридрих Фребель идеялары
2. Монтессори технологиясын қолданудың әдіс - тәсілдері
3. Балалардың коммуникативтік қабілетін дамыту мақсатында ойын элементтерін қолданудың тиімділігі

III. Қорытынды.

Қазіргі таңда еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты - ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттыңа жырамас бөлігі болып отыр. Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуымен дамуы болып отыр.

Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырына нықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Әрине, олушін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Яғни, инновациялық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру - басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеуді әртүрлі технологиялары жасалып енгізілуде. Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген инновациялық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б.


Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ. Мақсаты - мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Кезкелген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жандүниесін етереңүңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірнеше түрлерлерін қарастырайық.

1. «Фребель сыйы». Фридрих Фребель идеялары

Фридрих Фребель (1782- 1852) - неміс педагогі, мектепке дейінгі тәрбиенің теоретигі. Фридрих бала бақшасының құрылуын насихаттаған, балалар үшін тәрбиешілерді

дайындаған және олардың жұмысының өзіндік әдісін әзірлеген. Фридрих балалардың даму процесінде ойынның үлкен тәрбиелік және білімдік мағынасын айтқан.

Фридрих Фребель идеялары



XIX ғасырдың екінші жартысында–XX ғасырдың басында Европада неміс педагогы Ф. Фребельдің мектепке дейінгі тәрбие теориясы кең таралды. Ол 10 «балалар бақшасы» деген терминді енгізді, бұл дүние жүзінде жаппай қабылданды. Сондай-ақ, тәрбиеші әйелді Фребель «баулушы» деп атағандығынан оның балаларға деген сүйіспеншілігі, педагогтарды баланың есеюіне және дамуына көмектесуге шақырғаны, мақсатты педагогикалық ықпалдың маңызына жоғары баға бергені айқын көрінеді. Ол балалардың жасына сәйкес бірқатар қарапайым білім мазмұнымен таныстыру қажеттілігін атап көрсеткен. Оның идеялары: мектепке дейінгі тәрбиені насихаттау және балалар бақшаларын кең тарату, мектепке дейінгі мекемелердің жұмысының теориясын бірінші болып жасап, мектепке дейінгі педагогикалық ғылымдардың дербес саласы болып бөлінуіне себепкер болды

Ф. Фребельдің балабақшасы.

Баланы нәресте шағынан дұрыс жетілдіру үшін Фребель алты «сыйлық» жасауды ұсынды. Бірінші сыйлық – доп. Доп шағын, жұмсақ, алуан түске –қызыл, сары, жасыл, көк, күлгін (яғни, кемпірқосақтың барлық) түсіне және аққа боялған жүннен тоқылғаны жөн. Әрбір допшар жіптен тұрады. Анасы балаға доптың алуан түсін көрсете отырып, оны түстерді айыра білуге жаттықтырады. Шарды жан-жаққа қозғалта отырып, тиісінше «алдыға-артқа», «жоғары-төмен», «оңға-солға» деген ұғымдарды санасына сіңіріп, ана балаға кеңістік жайлы түсінік береді. Шарды алақанында көрсетіп және жасырып, тиісінше «Доп бар – доп жоқ» деген сөздермен демей отырып баланы мақұлдаумен және теріске шығарумен таныстырады.

Екінші сыйлық шағын ағаш шар, текше және цилиндр (шардың диаметрі, цилиндрдің табаны және текшенің жақтары бірдей). Осылардың көмегімен бала заттардың әртүрлі формаларымен танысады. Текше өзінің формасымен және орнықтылығымен шарға қарама-қайшы болып келеді.

Үшінші сыйлық – сегіз шағын текшеден құрастырылған бір текше(текше екіге, оның әрбір жартысы төртке бөлінген).Осы сыйлықтың көмегі арқасында бала тұтас зат және оның бөлшектері туралы түсінікке ие болады деп есептеді Фребель.

Фридрих Фребель «Ойын бала дамуының, осы кезеңдегі адамның дамуының жоғарғы сатысы; ол сөзбен айтылатын ішкі жандүниенің ерікті бейнесі, оның өз қажеттілігі бойынша бейнесі. Ойын – адамның осы сатыдағы ең таза, және ең рухани көрінісі, сонымен қатар ол адамзат өмірінің түп бейнесі және көшірмесі болып табылады; сондықтан ойын қуаныш, еркіндік, ырыздық, өзі және маңайындағыларға тыныштық, бейбітшілік сыйлайды. Барлық жақсылықтың көзі ойында және содан нәр алады. Өзімен өзі, байсалды, табанды, денесінің шаршауына дейін ойнайтын балалар қабілетті, байсалды, табанды, өзінің және өзгенің қамын жейтін болады...».

Фребель сонымен қатар тілдесу мен ойын арасындағы өзара байланысты және осы екі әрекет түрі қалай «жоғарғы өмірлік қатынастар мен байланыстарды құрады», яғни баланың әлеуметтенуіне ықпалын байқады.

Фребель педагогикасындағы жетінші түр ойын, ол бала әрекетінің барлық бағыттарын біріктіреді. Және де ойын «сыртқы әлемнің көрінісін беретін айна болып табылады. Ойын кезінде өмір заңдары және оларды қалай балалар қабылдайтындығы мен түсінетіндігі анықталады! Және ойын сөз, ән, кимыл, би және т.с.с. арқылы ішкі өмірден тыс түсініктерді талап етеді».

Фребель мынаған назар аударады: бала болашақта жалпыға ортақ үлкен өмірдің бір бөлігі болғаны маңызды, сол себепті балалар ойынын қадағалау және оған жетекшілік ету ерекше назар аударуды талап етеді, ол дегеніміз: жетінші әрекет түрі бар, оны қамқор тәрбиеші мен мұғалім құрметтеп, балалар мүддесі үшін бақылауы тиіс...

Фридрих Фребель балалардың отбасында әлеуметтенуіне аса назар аударған «Әкенің кез келген сабағы және кез келген ойы, кез келген кәсібі қандай да бір адами білімдерді меңгеру үшін бастапқы пункт ретінде қызмет етеді».

«Ата-налар, есте сақтаңыздар, оның ішіндегі әрекеттегі бастапқы санасыз әрекеттер шынайы, оның еркінен тыс қатысуы арқылы әрекетке деген бірінші талпынысты, білім алуға деген алғашқы талпынысты адам жасайды. Бұл көмекті нығайтыңыз, дамытыңыз, балаңызға қажеттісін беріңіз, өз күш-қуатын біліп қана қоймай, оны арттыру үшін оған өзінің күш-жігерін отбасылық, соның ішінде өзіне қымбат істерге қолдануына мүмкіндік беріңіз.»

Фребель әлеуметтену үдерісін оның мәніне қол жеткізудегі адамның дамуы мен білім алуы деп сипаттаған. Табандылықпен, үздіксіз адамды алға жетектейтін, бір сатыдан екіншіге көтеретін; сәбидің жалпы оянған сезімінен оның бойында құлшыныс, бейімділік дамиды; олар жан мен жүректің пайда болуына апарады; бұл құрылымнан балада ақыл-ой және ерік-жігер әрекеті дамиды. Ерікті әрекетті ерікті табандылыққа жеткізу және осылайша, ең бастысы өздігінен таза адамгершілікті білдіру үшін таза, мықты, төзімді және табанды ерікті жандандыру - осы тәрбиелеу мен білім берудегі басты мақсат және басты пункт. Сәби, жас тіршілік иесі жарық дүние есігін ашқан сәттен, табиғи жаратылысына қарай өз күшін жан-жақты еркін қолдану мүмкіншілігіне бағыттау, қоюы керек...»

Фребельдің бұл идеяларының барлығы бүгінгі таңда да өзекті болып қала бермек, сондықтан бұл әдістемелік құралда олар мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес көрініс тапты. Әдістемелік құралды ұсынылған ойындарды мектепке дейінгі білім беретін бағдарламалардың кез келгенін іске асыру барысында пайдалануға болады.

Ойындардың әрқайсысы «Қауіпсіздік» білім беру саласының міндеттерін шеше отырып, басқа да білім беру саласының міндеттерін шешуге ықпал етеді:

«Қатынас» - қауіпсіз жүріс-тұрыс әдіс-тәсілдерін меңгеру үдерісінде ересектермен және балалармен еркін тілдесуді дамыту, алғашқы құнды түсініктерін, өзі, отбасы, қоғам, мемлекет, әлем туралы түсініктерін қалыптастыру, сонымен қатар қарапайым жалпыға ортақ қабылданған жүріс-тұрыс нормалары мен ережелерін сақтауды дамыту;

«Таным» - әлем тұтастығының бейнесін қалыптастыру және дүниетанымын кеңейту;
«Еңбек» - еңбек, кәсіп туралы түсініктерін қалыптастыру;

«Қауіпсіздік» - отбасы және қоғамда өмір сүру қауіпсіздігі және қоршаған орта қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру;

«Көркем әдебиетті оқыту» - алғашқы құнды түсініктерді, өзі, отбасы және қоршаған дүние туралы түсініктерін қалыптастыру үшін көркем туындыларды пайдалану;

«Көркем шығармашылық» - «Әлеуметтену» саласын меңгеру нәтижелерін бекіту, мазмұнын байыту үшін өнімді әрекет түрлерін пайдалану;

«Денешынықтыру» - еңбектің әр алуан түрін игеру үдерісінде баланың күш-қуат сапасын дамыту. (Ұсынылған ойындарда арнайы іріктелген сергіту жаттығуларында жүзеге асады);

Карточкалармен жұмыстың ерекшеліктері

Жұмысқа кіріспес бұрын осы жиынтықтың барлық карточкаларымен танысқан жөн. Өлеңдер, әндер, жұмбақтар және бой жазу жаттығулары ұсынылған ойындар мазмұнын байыту, олардың дидактикалық және дамытушылық мүмкіншіліктерін кеңейту, алдағы уақытта оның сюжеті мен түрлену мүмкіншіліктерін жетілдіру үшін іріктелген және ойынның басталуына қажетті ахуал туғызуға, ойын алаңында отырып, біраз үзіліс ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ойынды ұйымдастыру кезінде «көмекшілер» ретінде пайдаланбас бұрын бұл қысқаша туындыларды жаттап алу ұсынылады.

«Әлеуметтену» білім беру саласының міндеттерін шешуде пайдалануға ұсынылған ойындардың басым көпшілігі сюжеттік-рөлдік. Бұл ересектің рөлін асыра бағалау қиынға соғатын ойындар болып табылады. Ересек осындай ойындарды құруға ықпал етеді, балаларды ойын материалдарымен қамтамасыз етеді, балаларды қандай да бір рөлді ойнау ерекшелігімен таныстырады. Сонымен қатар балаларға оған жаңа идеялар енгізу есебінен сюжетті кеңейтуге, осылайша, балалар ойыны мен мектеп жасына дейінгілердің рөлде ойнауын жандандыруға көмектеседі.


Құралда ұсынылған ойындар келесі міндеттерді шешеді:

- ұсақ маториканы, қиялды, ойды дамыту;
- гендерлік түсінікті дамыту;
- бірлескен ойындарға деген қызығушылықты арттыру;
- қатынас дағдыларын дамыту;
- қоғамдық орындарда әлеуметтік жүріс-тұрыс дағдыларын дамыту;
- танымдық-зерттеу және өнімді (сындарлы) әрекетті дамыту;
- өзі және тобы жайлы түсініктерді дамыту;
- өзіндік сананы дамыту;
- ойын қимылдарын орындау іскерліктерін дамыту, ойын сюжеттерін ойлап табу және дамыту;
- түрлі белгілері (түсі, нысаны, мөлшері) бойынша фигураларды ажырата білу іскерліктерін жетілдіру;
- елінің бір мүшесі ретінде сезінуін қалыптастыру;

- қоршаған әлес тұтастығын қалыптастыру, балалар дүниетанымын кеңейту.

2. Монтессори технологиясын қолданудың әдіс - тәсілдері

М.Монтессоридің педагогикалық жүйесі және оның маңызы Монтессори педагогикасы немесе Монтессори жүйесі ХХ ғасырдың бірінші жартысында итальяндық педагог, ғалым әрі ойшыл Мария Монтессори тарапынан ұсынылған тәрбиелеу жүйесі. Монтессори әдістемесі әрбір тәрбиеленушіге деген даралы тәсілдемеге негізделген. Бұған сәйкес, балдырғандар мен бүлдіршіндер дидактикалық материалдар мен сабақ ұзақтығын әрдайым өздері тандай отырып, өзіндік ағым мен Бала – ата-ананың көз қуанышы, көңіл жұбанышы. Кез келген ата-ана баласы үшін өмір сүреді деп ойлаймын.



Мария Монтессори италиялық дәрігер әйел. Бұл жүйені осыдан 100 жыл бұрын сол ойлап тапқандықтан, соның атымен аталады. Қазіргі кезде Монтессори жүйесін 146 мемлекет қолданады. Бұл жүйе бойынша 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар зейінін, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауды, сөйлеуді, елестетуді, қимылды дамытады.

Оның негізгі қағидаты – «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды тандап алу. Мұнда бала дидактикалық материалдар мен сабақ уақытының ұзақтығын өзі тандайтын болғандықтан оқытуда ерекшеліктер бар. Сондай-ақ олар өз қателіктерін өздері көріп, соны өздері түзеп отырады. Монтессори әдістемесінің маңызды ерекшелігі – баланың жеке қабілетін көрсете алатын және көрсеткісі келетін арнайы ортаны құру. Бұл Монтессори ортасы деп аталады. Бұл ортада психологиялық жайлылық, тандау ерік-тілігі және педагогтің сабырлы адамгершілігі салтанат құрады. Бұл күндері жүйені баяғыдан бері пайдаланып келе жатқан Жапония, Қытай, Сингапур, Германия секілді мемлекеттерде интеллектуалды дамыған адамдардың көптігі осыған байланысты еке-ніне біртіндеп көз жеткізіп келе-міз. Тіпті сол дамыған мемлекеттерде тек жалпылама адамдар емес, ұлттың өзі интеллектуалды ұлт ретінде қалыптасып отырғаны белгілі. Бала жас кезінде жас шыбық сияқты. Қалай исең, солай қарай иіледі. Жақсыға үйретсең, жақсылап үйретсең тез қабылдайды. Осы тұрғыдан келгенде Монтессори әдістемесінің біздің орталыққа енуі жақсы бастама деп ойлаймын. Бұл ауру балаларға қолданғанда

Монтессори терапия деп аталады. Бізде осы терапия бойынша әдістемені арнайы үйренген 140 педагог жұмыс істеп жатыр. Оларды оқыту үшін грант ұтып алған болатынбыз. Соның арқасында біздің педагогтар осы бір жыл көлемінде наукас балалармен жұмыс жасауда қолайлы жүйені таңдап отыр.

Мария Мантессори -1870 жылы 31тамыз айында дүниеге келген. Италияндық педагог,әрі ғалым.Ол балаларды еркін тәрбилеу идеясын жасап, өмірге енгізді.1896ж Рим Университетінің медициналық факультетін бітіргеннен кейін М.Монтессори Италиядағы әйелдерден шыққан бірінші медицина докторы болып табылады. Университеттің емханасында ақыл-ойы артта қалған балаларға бақылау жасап көрді. 1900ж Марияның өзі дамуында ауытқушылықтар бар балаларға арналған Еуропадағы бірінші оқу орнына басшылық етті. Оның кішкентай емделушілері нашар сөйлегендіктен,ол саусақтардыңұсақ моторикаларын жаттықтыру арқылы сөйлеуді дамытатын арнайы жаттығулар және балалардыңөзіндік сенсорлық тәжірибе негізінде қоршаған ортаны зерттей алатын арнайы құралдар және ойындар әзірледі. Сөйтіп,Монтессори өзінің бірегей дидактикалық құралдарын әзірлей бастады. Бірқатар уақыт өткеннен кейін оның тәрбиеленушілері оқу,жазу және есептеуді кәдімгі мектептегі өздерінің құрдастарынан бұрын үйренді. 1909ж бастап М.Монтессори жүйесі өмірге белсенді түрде енгізіле бастады.Түрлі елдердің педагогтары үшін курстар ашылды.1910ж әлемнің көптеген тілдеріне аударылған «Монтессори әдісі» атты кітап жарық көрді. 1929ж Мария Монтессори қазіргі кезде де жұмыс істеп жатқан халықаралық Монтессори Ассоциациясының (АМІ) негізін салды.Италиядағы фашистік тәртіп кезеңінде Марияның елден кетуіне тура келді. Ол Еуропаға 76 жасында қайтып келді. Көптеген еңбектерін шығарды,оқу курстарын жүргізді, психологиялық еңбектер жазды.1950ж оған Амстердам университетінің профессоры атағы,докторлыққұрметті дәрежесі берілді. Бұл әдіс бойынша 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар зейінін, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауды, сөйлеуді, елестетуді, қимылды дамытады. Монтессори әдісінің негізгі қағидасы- «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу.Мұнда бала дидактикалық материалдар мен сабақ уақытының ұзақтығын өзі таңдайтын болғандықтан оқытуда ерекшеліктер бар. Сондай-ақ,олар өз қателіктерін өздері көріп,соны өздері түзеп отырады.Монтессори бөлмесінде «Барлығымен еркін айналыс, бірақ басқаларға кедергі жасама» деген ереже үнемі сақталады. Бүгінде осы әдіспен жұмыс істейтін балабақшалар көптеп ашылып жатыр. Балабақшадағы ұстаздар міндетті түрде дайындық курсынан өтеді.Монтессори әдісінде сыныптық сабақ системасы жоқ,мектеп партасының орнына жеңіл қозғалатын столдар мен отырғыштар, кілемшелер қолданылады. Монтессори ұстаз баланың өз бетімен жұмыс жасауын қадағалайды.Монтессори әдісі үш негізгі бөлімнен тұрады: бала, қоршаған орта, ұстаз.

Монтессори		әдісінің		мақсаты:
балаларды	еркін	тәрбиелеп,	өмірге	бейімдеу;
өмірде	өз	мақсаты	бар	қалыптастыру;
балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру.				

Монтессори		ұстазының		міндеті:
- балаға	өз	жұмысын	басқаруға	көмектесу;
- негізгі	түстерді	айыра	білуге	үйрету;
-	ұсақ	моториканы		дамыту;
- алғашқы	математикалық,	ғарыштық	түсініктерді	қалыптастыру;

-
- тәртіпке үйрету;

зейінін

тұрақтандыру;

Монтессори

бөлмесі

5

аймаққа

бөлінген:

1. Сенсорлық

аймақ.

2. Математикалық аймақ.

3. Күнделікті өмір жаттығулары аймағы.

4. Тілдік аймақ.

5. Ғарыштық аймақ.

Бала сезімін дамыту орталығы

Баланың сезім тәрбиесі, баланың қабылдауын дамыту және қоршаған әлемдегі заттардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру: пішіні, көлемі, түсі, салмағы, кеңістіктегі орны, иісі, шығаратын дыбысы, т.б. болып табылады.



Іс-әрекет жасау орталығы

Бұл орталықта балалар өздерін күтуге арналған заттар орналасады. М.Монтессори балаға өзбетімен жұмыстануға үйрету, баланың интелектуальдық қабілеттерін дамыту, өз-өзін тәрбиелеу және жоғарғы баға беру күшті түрткіш болып келеді деп тұжырымдайды. Сонымен қатар практикалық жаттығулар орындау арқылы бала өзінің қимылын жетілдіреді.

Тіл дамыту және жазу орталығы

Материалдар баланың дұрыс тілін дамытуға көмектеседі, сөздік қорын байытады, қолын жазуға дайындайды, фонематикалық есту қабілетін дамытады, оқуға және жазуға үйретеді.

Математика орталығы

Математика орталығында балалар 10-ға дейін сандармен, жиынтықтармен, арифметикалық операциялармен танысады.

Осы орталықтың Монтессори-материалы балаға қиын абстрактылық математикалық түсініктерді және операцияларды түсінуге көмектеседі.



Ғарыш орталығы

Осы орталық балаларды қоршаған ортамен таныстырады. Осы орталық материалы ботаника, зоология, анатомия, география, физика, астрономия негіздерін меңгеруге көмектеседі.

Бала орталықты және Монтессори-материалын өзі тандайды. Монтессори- тәрбиеші бала әрекетіне қажет болғанда катысады. Өсе келе бала қажетті дағды мен іскерлікті меңгереді, сонымен қатар балада тәуелсіздік, өзіне деген сенімділік сезім қалыптасады. М. Монтессори әдісі балада өзінің мүмкіндіктеріне сай дамуға деген қызығушылық, жаңа білімді тануға деген құштарлығын оятады. Бала не істегісі келеді емес, неге дайын соны істейді. Ересектер ереже ұсынады, балалар өз бағытымен сол ережелерді орындап, дамиды. Сонымен бала өз әрекетінің нәтижесіне жауапкершілік сезіммен қарайды.

Мария Монтессори тарапынан ұсынылған тәрбиелеу жүйесі. Монтессори әдістемесі әрбір тәрбиеленушіге деген даралы тәсілдемеге негізделген. Бұған сәйкес, балдырғандар мен бүлдіршіндер дидактикалық материалдар мен сабақ ұзақтығын әрдайым өздері тандай отырып, өзіндік ағыммен ырғақта дамиды. Балалардың табиғи қажеттіліктері мен үрдістері үшін даярланған Білім беру дәстүріне деген көзқарасты елестетіңіз. Педагогтарды білім көзі ретінде емес, оқушылар сынамалар мен қателіктер арқылы проблемаларды шешетін, жаңалықтар ашатын және тәжірибелер арқылы үйренетін динамикалық, даяр орта ұйымдастырушы ретінде елестетіңіз.

Мария Монтессори осы әдістің негізін 100 жылдан астам уақыт бұрын салған. Бүгінгі әлемде, білім сағат сайын өзгеріп, деректер құм шамасындай чиптерде сақталатын заманда ақпарат емес, ой алдыңғы орынға шығады. Білім емес, әрекет маңызға ие болады. Біз ойланып әрекет жасайтын, жаңалықтар ашатын, ойлап шығаратын, құрастыратын және алдағы ғасыр алдына қоятын проблемаларды шешетін келесі ұрпақты қалайша тәрбиелей аламыз? Шынайы, іс жүзіндегі жұмысқана сұрақтың жауабы болып табылады. Білім беру білім тарату және деректерді жалаң түрде жаттатудан оқушының қолымен миын жұмыс істететін, сын тұрғысынан және креативті ойлауды өмір жолына айналдыратын оқыту түріне көшуі тиіс. Балалық шақтан бастап, жеткіншек шақ арқылы ересек өмірге дейін адамзат дамуының бәріне ортақ үрдістері бар. Егер бұл үрдістер білім беру базасын қалыптастыру үшін пайдаланылса, бізоқытубарысындатабиғатпен үйлесімде жұмыс істей аламыз. Дұрыс орта қалыптасқан жағдайда үйрену, жұмыспен тапсырма орындау барысында ләззат алу адамзат

табиғатына тән. Туғаннан бастап жеткіншек шағы арқылы даму деңгейлері адамзат табиғатымен үйлесімде үйрену әдісіне сценарий бола алады. «Өзін-өзі қалыптастыру» әрбір баланың міндеті екендігін түсініп, Біз өзіміздің педагогтар ретіндегі роліміздің сәулет Инженері кәсібіне ұқсастығын байқаймыз. Біз оқушылардың шығармашылығын, қиялымен дербестігін ынталандыру барысында дағдылары мен білімдерін қалыптастыратын жоспарлар, материалдар, құралдармен тәжірибелердің әрбір кезеңде әр бала үшін қолжетімділігін қамтамасыз етуіміз керек.

Монтессори

методикасы

Еңбасты Монтессори Бағдарламаның Айырмашылығы сынып-сабақты Жүйесінің жоқтығы: Бала өзінің қызығушылық саласын өзі тандайды. Ата – аналар мен педагогтар бұл үрдісте қараушы рөлін ойнайды, сезгіш және ықыласты болады, неге десе олар жас Зерттеушінің Түсіну үшін Лайықты шарттар жасау керек. Біздің балабақшада Баланың әртүрлі ірекет Салалары тек қана балаларда емес, олардың ата-аналар алдында үлкен Танымалдығын білдіреді. Санау оқу, бөлу және т.б. сабақтарда тақырыптың презентациясы өтеді. Бұдан кейін бала өзі онымен жұмыс істеуге үйренеді, онымен қатар материалдың түсін, пішінін өзгерте алады. Жасалған материалды қолыңа алғың келе береді, өйткені ол өзі Әрекет жасауға магнит сияқты тартады. Одан қалды ол қауіпсіз және онда зор потенциалы бар. Әрине, біздің балабақшада балалар тек қана күнде жаңа материалмен таныса бермейді. Бізде балалардың қатысуларымен өте қызықты мерекелер болады.

Сөйтіп маңызды мәдени оқиғалар балардың жанынан өтіп кетпейді. Бірақ, еңбекпен сабақты сауықтан айыра алады: іске уақыт—сауыққа бір сағат. Айтар болсақ, балабақшада педагогтар өте тәжірибелі және «жаны тұрған» адамдар, олар үнемі бір жаңа нәрселерге үйреніп жатады, өздері әртүрлі мерекелерді ойлап табады, балалармен жұмысты қызықты формаларда жүргізеді. Монтессори формасымен оқи отыра, балалар өз ойын білдіру саласында барынша көп еркіндік алады, мектепке дайындық мерзімді жеңіл өтеді. Олар онда үйлеріне барған сияқты. Ең бастысы, олар өздік түрде білім алады, және олардың құмарлықтарын тоқтата алмайсың! Әрине, бұнда ең маңызды рөлді мұғалімдермен ата-аналар ойнайды, олар баланың ерекшелігін қабылдау үшін тілектестік Атмосфера жасаулары қажет. Баланың ерекшелік қасиеттерін бастапқылыққа қойып нақты адамды тәрбиелеуге болады.

«М.Монтессори технологиясын қолданудың әдіс - тәсілдері»

XXI ғасыр табалдырығын біліммен ғылымды инновациялық Технологиялық Бағытты дамыту мақсатымен атауымыз үлкен үміттің басты нышаны Болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас ұрпаққа мән - мағыналы, өнегелі тәрбиемен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы екені бәрімізге белгілі. Баланың жеке тұлға Ретіндегі дамуы Өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой – өрісінің кеңеюі Балабақша қабырғасында басталатыны сөзсіз. Қай кезеңде болмасын балабақшада Монтессори әдісі еш уақытта орнын жоғалтқан емес. Бала табиғатында білуге құмар, тумысынан-ақ өсуге, жетілуге ұмтылысы басым. Сондықтанда қарқынмен дамып бара жатқан мына заманда Балабақшадағы педагогтардың ұлттық қалып, ұлттық мінезді сақтай отырып, бала тәрбиесінің Әдістерін тынбай ізденіп, жиі жаңартып отыруы заңдылық. М.Монтессори әдісі балаларға жауапкершілікті сезінуге, Өздігінен шешім қабылдауына, топтада, жекеде жұмыс жасай алуына, таңдау жасай алуына, өз уақытын

ұйымдастыра білугіне, өзіне сеніммен қарауына мүмкіндіктер береді, қолайлы жағдай туғызаты. Бұл әдістің мақсаты – балалардың табиғи мінезін, қабілетін, тәрбиешінің нұсқауымен емес, өз еркімен тәуелсіздік рухында тәрбиелеу.

3. Балалардың коммуникативтік қабілетін дамыту мақсатында ойын элементтерін қолданудың тиімділігі

Ересек адамдардың ісі, жұмысы, қызметі сияқты ойын да бала өмірінде маңызды болып саналаты. Бала ойында қандай болса, ол өскенде жұмыста сондай адам болаты.

А. С. Макаренко

Ағылшын тілі сабағында әрбір оқушының сабаққа белсенді қатысуының, ауызекі сөйлеуге құлшындыратын, ағылшын тілін оқып үйренуге талпынысы мен қызығушылығын арттыратын әдіс - тәсілдер түрі ерекше орын алады. Бұл міндеттерді сабақта оқытудың ойын әдістерінің көмегімен шешуге болады. Ойын кезінде кез келген адамның, әсіресе жас өспірімдердің қабілеттері толығымен байқалады. Ойын – ақыл күші мен ерекше ұйымдастырылған эмоционалды серпілісті талап ететін ерекше ұйымдастырылған сабақ түрі. Ойын – қалай істеу керек, не айту керек, қалай жеңу керек сияқты шешімдерді қабылдауға көмектеседі. Осы сұрақтарды шешуге талпыну арқылы ойыншылардың ақыл – ой әрекеттерін дамытады. Егер оқушылар онымен қатар шет тілінде сөйлесе, онда ойын олар үшін өте бай оқыту мүмкіндіктерін ашады. Ойын - сауық және демалыс түріндегі ойын оқушылардың ара - қатынас үлгісіне, шығармашылыққа, оқытуға үйретеді. Адамзат қоғамның тарихында ойын сикырмен және табынумен байланыстырылған. Ежелгі әлемнің өзінде де ойын оқытудың бір түрі ретінде қолданылған. Алайда орта ғасырларда пайда болған авторитарлық білім беру жүйесі рационалды дидактикаға сүйенгендіктен біртіндеп оқыту – қажеттіліктен туатын ауыр еңбек деген ой қалыптасқан.

«Дидактикалық ойын сөзі» оқыту үшін арналған арнайы ойындар деген түсінікті алғаш рет Ф. Фребель және М. Монтессори енгізген. XX ғасырдың ортасынан 1970 жылдарға дейін шет тілі сабақтарында оқытудың грамматикалық аударма әдістері белен алған.

Ойын мақсаты – грамматиканы оқып үйрету арқылы шетел тіліндегі мәтіндерді түсіну және оқу болған. Кейін оқытудың коммуникативтік әдістері пайда бола бастады. Оқытудың ойын әдісінің психо - педагогикалық негізі ойын әрекеттері болып табылады. Оқытудың ойын әдістері мотивацияның әр түрлі тәсілдерін қолданылады. Ағылшын тілі сабағында ойын әдістерін қолдану кез келген жастағы оқушылардың психикалық даму үшін аса маңызды екені дәлелденген.

Мотивация – кез –келген іс-әрекеттің басты механизмі болып табылады. Ойын әдісі психотерапевтік және өте бай оқып үйрену потенциалына ие. Ойын жасөспірімдердің ақыл ой әрекеттерін жасайды, мұнсыз белсенді оқу үрдісі мүмкін емес. Ойын тілді төмен деңгейде немесе жеткіліксіз меңгерген оқушылар үшін де мүмкіндік береді. Қазіргі кезде оқушылардың коммуникативтік қабілетін дамыту үшін қолданылатын ойын түрлерінің әрбірінің белгілі бір мақсаты және ерекше спецификасы бар. Кейбір ойын топтары: шығармашылық ойындар, сюжеттік- ролдік ойындар қолданылады.

Интеллектуалдық ойындар. Бұл ойын түрлері танымдық әрекеттерін белсендіреді, міндеттерді шешудің проблемалық сипатына тән.

Дидактикалық ойындар. Бұл ойындар оқу міндеттерін шешу үшін арналған дайын ережелермен әзірленген ойын түрі. Бұл топқа лингвистикалық ойындар кіреді.

Лингвистикалық ойын кезінде ойынға қатысушылардың санына қарай жеке, жұптық және топтық болып бөлінеді. Жеке ойын түріне- кроссвордтар, анаграммалар, ал жұптық және топтық ойындарға бинго тәрізді сұрақтардың көмегімен белгісіз суреттердің орнын табу, «суретті» диктант жазу ойындары жатады. Ойындық ситуацияларды жасау үшін, суреттер ситуациялық жағдайды бейнелеу, нұсқаулар, мәтіндер кеңінен қолданылады. Көптеген авторлар сабақтың қорытынды бөлігінде ойын элементтерін қолдануды дұрыс деп есептейді, себебі ойын оқушылардың алған білімдерін қарым-қатынас ситуацияларында қолдануға мүмкүндік береді. Ойын түрлерін ағылшын сабағының кез-келген кезеңінде қолдануға болады.

Оқушының коммуникативтік қабілетін дамытуда оқушы мен оқытушы тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тіл үйрету тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі негізгі алынады. Ағылшын тілі сабақтарында бұл әдістің тиімді жақтары «жүйелік ұстанымдары». Біріншіден, коммуникативтік қарым-қатынас жасауда баланың ана тіліндегі білімі мен сөйлеу дәрежесі негізге алынады. Ал екіншіден, тілдік материал жүйелік ұстанымға негізделіп құрылып, қарапайымнан күрделілігі қарай күнделікті қарым-қатынас жасау мақсатында іріктеліп беріледі.

Оқушының коммуникативтік қабілетін дамытуда оқыту: оқу, сөйлеу, тындау, жазу-ауызша өзара қатынас, жазбаша өзара қатынас бір уақытта дамиды. Себебі, оқытудың бұл төрт түрі де сөйлесушілердің бір-бірін түсінуін қамтамасыз етеді.

Оқу процесі негізінде коммуникативтік қабілетін дамытуда ойын элементтерін пайдаланып, топпен және жеке немесе жұппен жұмыс істеу арқылы оқушының жеке тұлға ретінде ерекшеліктерін анықтау, зейінділігін қадағалау, өз білім деңгейде өзі баға беруіне көмектеседі.

Сонымен ойын өмір тәжірибесінде жаңалық пен тұрақтылықты орнықтырады, мұның мәнісі оқушының даму негізінде қалыптастыратын ойын ережелері, салт-дәстүрлер негізінде қалыптасқан ойын шарттарымен ережелерін көрсететін тұрақты іс-әрекет болып табылады.

Әр түрлі ғылыми мектептердің , педагогтардың, психологтардың ойын түсінігінің мағынасын бірнеше түрге бөліп көрсетеді:

- 1) Ойын - әр түрлі жастағы оқушылардың даму іс-әрекеттерінің өз бетінше жұмыс жасау түрі.
- 2) Ойын- оқушының өзін-өзі тану белсенділігі, жеке шығармашылығы үшін кеңінен ашылатын қоршаған әлемді таңдап білетін ең еркін түрі.
- 3) Ойын- есею барысында өз мақсаттарын өзгертетін жастардың, жасөспірімдердің тең және қалып үлгі іс -әрекеттері алғашқы қадамы.
- 4) Ойын- даму тәжірибесі.
- 5) Ойын- ақыл- ой мен шығармашылық түйсік арқылы өзін дамыту, өзін ашу еркіндігі.

б) Ойын – балалардың қарым-қатынас саласындағы ең маңыздысы, онда өзара қарым-қатынас мәселелері шешіледі, адамдар арасындағы қарым- қатынас орнығады.

Ағылшын тілі сабағында ойын элементтерін қолдануының негізгі алты мақсаты бар:


1. Белгілі бір дағдыларды қалыптастыру.
2. Белгілі бір тілдік білімдерін дамыту.
3. Қарым-қатынас жасай алуға үйрету.
4. Қажетті психикалық қызметтер мен қабілеттілікті дамыту.
5. Танымдылық.
6. Тілдік материалды есте сақтау.

Сонымен ойын- жағымды эмоционалды құралы ретінде дәріханада жалықтыратындай көңіл-күйге түсіретін белгілі тапсырмаларды бірқалыпты орындауға қарағанда оқушы мен оқытушының қызығушылығын және еңбекке қабілеттілігін жоғартылады.

Қорытындылай келетін болсақ аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн. Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. *Кондрыкинская Л.А.* Заня по патриотическому воспитанию в детском саду. М.: ТЦ «Сфера», 2010
2. «Бала мен балабақша» журналы № 11, 2011 жыл
3. Джуринский А. Н. История зарубежной педагогики: Учебное пособие.- М., 1998.
4. История педагогики и образования. От зарождения воспитания в первобытном обществе до конца XX в.: Учебное пособие для педагогических учебных заведений Под ред. А. И. Пискунова.- М., 2001.
5. Коджаспирова Г. М. История образования и педагогической мысли.- М., 2003.- С. 90.
6. Педагогический энциклопедический словарь/Под ред Б. М. Бим-Бада.- М., 2003.- С. 418.
7. Н. Арапова. Детская садовница // «Учительская газета», № 06 (10243) от 10 февраля 2009 года.
8. Материал из Википедии — свободной энциклопедии (Перенаправлено с Фребель)



Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әлия» бөбекжай – балабақшасы МКҚК

**Тақырыбы: « МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ
БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУДЫҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ»**

Кентау 2022 жыл

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

Оқытуды ұйымдастыру түрлері мен жұмыс тәртібі

Үйрету іс-әрекетін ұйымдастырудың жетекші түрі – топпен жұмыс істеу болып табылады. Топтардың толымдылығы – 8-12 адамнан артық болмау керек. Тілдің үштұғырлығын дамыту бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері 4-5 жастағы балаларға — аптасына 1 рет, ұзақтығы 20-25 минуттан, ал 5-6 жастағы балаларға — аптасына 2 рет, ұзақтығы 25-30 минуттан жүргізіледі. Тілдің үштұғырлығын дамыту бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері барысында алынған білім барлық режимдік кезеңдердің үдерісінде күнделікті: сәлемдесу, киіндіріп шешіндіру, тамақ ішу, ұйқыға дайындық, ойындар мен серуендер барысында бекітіледі.

Әдістемелік құралдың педагогикалық пайдалылығы – мектеп жасына дейінгі балаларға тілдердің үштұғырлығын үйрету көптілді тұлғаның негізін қалыптастырудағы алдын-ала маңызды кезеңдерінің бірі ретінде қарастырылуында болып табылады. Тілдердің үштұғырлығы әдістемелік құралының мазмұны негізінде балалардың үйреніп жатқан тілдерінде сөздердің, дыбыстардың, сөйлемдердің дұрыс айтылуы қалыптасады, сөздік қоры жинақталады, ана тіліндегі және басқа тілдегі сөзді түсіну мен қабылдау және жеңіл диалог құруға қатысу біліктері қалыптасады.

Әдістемелік құралдың педагогикалық маңыздылығы мектеп жасына дейінгі балалардың заманауи қоғамдағы жалпы қолданылатын тілдердің негізін меңгерумен шарттастырылады. Тек қана ана тілі емес, сонымен қатар ұлтаралық қарым-қатынастағы шет тілдерінің ауыз екі сөйлеу тілін меңгеру тұлғаның зияткерлік, эмоционалдық және адамгершілік дамуымен тығыз байланысты.

Тілдік дағдыларды дамытудың негізгі мазмұны мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен оқыту әдістемелік құралының «Қатынас» білім беру саласында анықталады. «Қатынас» білім беру саласының мақсаты – үйретілетін тілдердің ауызша және ауызша емес құралдармен қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынас жасауға қабілетті мектеп жасына дейінгі көптілді тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері бойынша қойылатын негізгі талаптар: жалпы уақыттың 5–10 минуты үш тілде жүргізілетін жалпы дамытушы лексикалық түрлерге (сергіту кезеңдері, санамақтар, дидактикалық ойындар, тілдік және фонетикалық дайындықтарға, тапқалар мен ұйқастырмаларға) бөлінеді.

Балаларға тілдің үштұғырлығын үйрету әдістемесі

Ағылшын тілін үйрету әдістемесін таңдау барысында қай жастағы балаларға арнап әзірленгендігін ескеру қажет.

Ойын әдістемесі балаларды да, педагогтерді де қызықтырады. Ол қарапайымдылығымен тиімді. Оқытушы тілді үйрету және жетілдіру бойынша сабақты ойын түрінде жүргізеді. Әдістеменің құндылығы – ол бір жастан бастап бейімді, әдістеменің көмегімен ауызекі тілді, дұрыс айтылуды, орфографияны, грамматиканы және т.б. дамытады.

Зайцевтің әдістемесі үш жастан бастап 6(7) жасқа дейінгі балаларға арналған. Ендігі кезекте оны ағылшын тілін үйрету үшін бейімдеп, лайықтады. Зайцевтің белгілі текшелерінде ағылшын алфавитінің де әріптері пайда болды.

Глен Доманның әдістемесі сәбилерге арналған. Бұл әдістемеді баланың көру арқылы есте сақтауы қатыстырылған, атаулары жазылған суреттер есте сақталады және оқуға үйрету үдерісін одан әрі жеңілдетуге көмектеседі, карточкаларын қолдан жасауға болады. Глен Доман өз кітаптарында айқын әрі нақты құраллар береді. Карточкалар жұмысты сәбилермен ғана емес, сонымен қатар, ересектеу, тіпті мектепалды жастағы балалармен де қолдануға болады.

Жобалау әдістемесі 4-5 жастағы балаларға арналған. Тілді үйретуші сабақтар жүйесі үшін тақырып таңдайды, берілген тақырып бойынша қызықты бір нәрсе білуде балаларға көмектесетін әртүрлі іс-әрекет түрлерін ұсынады. Балалар дербес орындауы

үшін тапсырмалар алады (немесе ата-аналарының көмегімен). Қорытынды сабақтың уақыты келгенде балалар жобаның тақырыбына ауқымды шығармашылық жұмыстарымен келеді.

Аралас әдістеме – бұл жерде таңдауы бойынша түрлі әдістемелерді құрастыруға болады. Мысалы, ойындар ойнау, тақпақтар мен әндер жаттау, жобаларды әзірлеу және т.б. Әдістеменің құндылығы – әртүрлілігінде. Түрлі іс-әрекетті ұсына отырып, баланы қызықтыру жеңілрек.

Тәжірибеде қолданылып жүрген барлық мектеп жасына дейінгі кезеңде тілді үйрету әдістемелері ата-аналарға үйде өз баласымен дербес айналысуға көмектеседі.

Дербес шығармашылық іс-әрекет Жұмыстың түрлері мен формалары

Заттық-дамытушы орта тілдік кеңістікке ену үшін:

— таспа, диск және басқа да тасымалдағыштарда музыкалық аудио материалды;

— сөздік, үстел үстіндегі баспа ойындары, құралдар, кітаптарды;

— жағдайға байланысты, рөлдік, лексикалық мазмұны бар сахналандырылған ойындарды;

— ертегілерді сахналау, тақпақтарды мәнерлеп оқуда балалар өздерінің жетістіктерін көрсете алатын ертеңгіліктер мен мерекелер пайдаланылады.

Мектепке дейінгі оқыту тұжырымдамасының негізін қалайтын кезеңдер оқытудың әдістемелерін, тәсілдерін, үлгілері мен құралдарының спектрін кеңінен қолдануға әкеледі. Бұл ретте балалардың жеке, сонымен қатар, олардың жалпы мәдени дамуы мен микро әлеуметтік ортасы – отбасының ерекшеліктері ескеріледі.

Негізгі тәсілдері:

а) балаларға таныс емес тілде үлкендердің тіліне еліктеуі;

б) көру, есту және әсем бейнелерді құру. Нәтижесінде, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде оқытудың ауызша емес құралдарының басымдылығы (суреттер, заттардың графикалық бейнелері мен сөйлемдердің құрылымдары, музыка);

в) оқу-дидактикалық ойындарды қолдану;

г) жұмбақтар;

д) өз ойын білдіріп, өзін-өзі бағалауды арттырудағы психологиялық кедергілерді болдырмайтын ертегілер мен шағын әдеби шығармаларды драмалау.

Жұмыс ұстанымдары:

1. Мадақтаудың түрлі құралдарын қолдану, ауызша және материалдық.

2. Бала бойында баланың тілдік қабілетін арттыратын педагог пен балалар арасындағы оң қарым-қатынастарды қалыптастыру.

3. оқыту үдерісінде педагогтің сөйлеу тілінің баланың жаңа үйреніп жатқан тілде 90% болуы.

4. Лексиканы жүйелі енгізу: лексикалық тапсырмаларды арттырып, біртіндеп бекіте отырып 3 сөзден бастау. Соңында күнделікті өмірде жинақталған сөздік қорын арттыру.

5. Балалардың қысқа мерзімді есін ескере отырып, әрдайым алдыңғы өткен материалға қайта оралып, оны келесі қайталауларға енгізу.

6. Сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған дұрыс тілдік құрылымдарға үйрету.

7. Жұптық және топтық үйретулерге айрықша ықылас бөлу. Бұл топта қолайлы психологиялық ахуал құруға және тілдік кедергілерді жоюға көмектеседі.

8. Педагогтің сұрақтары мен бұйрықтарына әсерінің жылдамдығын дамытады.

5-6 жастағы балалардың сөйлеу дағдысын сипаттау

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар ана тілін еркін меңгереді. Тілдің белсенді сөздік қоры 2500-3000 сөзді құрайды. Бұл балалардың үлкен тәжірибесімен (алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда), олардың зияткерлік қабілеттерінің дамуымен: көп бейнелі байланысын құру іскерлігімен, бар білімдерін жеңіл қолдану, жалпылап, қорытынды жасай білуімен байланысты.

Қарым-қатынас адамның көңіл күйі мен эмоционалдық күйін анықтауға, өзінің ішкі дүниесін түсіну тәсілдерімен өзін-өзі нормаларын меңгеруге бағытталады. Бұл жастағы балаларға айналасындағы адамдардың тілдеріне сын көзбен бағалау қарым-қатынасы мен өз ойының нақтылығын қадағалау қабілеттерін дамыту тән.

Бұл жаста балалар сөздердің дыбысталуы мен мағынасына, оның дыбыстық түріне, тілдегі сөздердің тіркестері мен қабысуларын қызығушылықпен таниды.

Әңгімелесушілердің назарын өздеріне аударудағы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың талпынысы өзінің тілін мәнерлі, бейнелі етудегі әрекеттерінен байқалады. Бұл жаста балалар тілдің дауыс ырғағының құралдарымен қолданумен ғана емес, сонымен қатар, тілге тән эпитет, теңеу, метафора секілді мәнерлілік құралдарын меңгеруге қабілетті болады. Балалардың тілінде елеулі дербес ерекшеліктер білінеді.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың тілін дамытудағы басты бағыттар:

- байланыстырып сөйлеу және мазмұндылығы (диалог және монолог);
- тілдің шығармашылығы мен мәнерлілігін дамыту;
- сөйлеу әрекеттеріндегі жеке қабілеттерін дамыту.

Байланыстырып сөйлеуін дамыту

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытудың басты міндеті — монологтік және полилогтік тілін жетілдіру болып табылады. Балалар өзара қарым-қатынасты талдауды, адамдардың адамгершілік қырындағы қылықтарын дәлелді бағалай білудегі мәселелерін меңгере бастайды. Балалар диалогтік және полилогтік сөйлеу іскерліктерін меңгереді: қоршаған ортамен қуана тілдік қарым-қатынасқа түседі. Олар ұжымдық әңгімелесулерге қатысып, сыпайы түрде сөйлесудің қабылданған нормаларын: әңгімелесушіні мұқият тыңдау, сұрақты дұрыс қою, сұрақтарға жауап беру, балалардың жауабын тыңдау, ұжымдық әңгімелесулерге қатысу, ортақ әңгімені қолдау, әңгімелесушіні бұзбай кезекпен сөйлеуді қолдана алады.

Әңгімелесу барысында (тәрбиешінің көмегімен) қойылған сұрақтың сипатына қарай сөйлем түрлерін қолданады. Ересектер мен құрбыларына өтініш, алғыс, реніш, шағым түріндегі сыпайы қарым-қатынас үлгілерін үйренеді. Өзінің және құрбыларының тіліндегі қателер мен олқылықтарды анықтап, оларды түзей алады.

Сөздікті дамыту

Балалар тұрмыстық сөздікті, табиғат пен тұрмыстық заттардың атауларын, олардың қасиеттері мен сапаларын, құрылымын, материалы мен оның ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс және нақты қолдануды белсенді меңгерулері тиіс. Нысанның пішіні, өлшемі мен басқа да белгілерін білдіретін сөздерді меңгеруді жалғастыруы керек.

Ересектер тобында (5-6 жас) балалар материалдардың неден жасалынғаны, олардың қасиеттері туралы көбірек білулері тиіс. Кейбір заттар мен бұйымдардың дайындалу үдерісін білу (пісіру, жасау, тігу, үтіктеу және т.б.). Алты жаста балалардың сөздігі заттардың материалы, қасиеті мен күйін жалпылайтын сөздермен толықтырылады.

Балалар өзіне таныс заттардың қасиеті мен сапасын анықтауға қажетті зерттеу әрекеттерін дербес қолданып, оларды атаулары тиіс (сипау, үрлеу, умаждау, қолында өлшеу, иіскеу және т.б.).

Ересек топтағы сөздік жұмыстардың жетекші мазмұны жалпылаудың тегі мен түрлерін, жалпылауды білдіретін сөздерді түсініп қолдану болып табылады.

Бұл жаста балалар заттарды салыстыруды, басты белгілерін табу, осылардың негізінде заттарды топтарға бөлу іскерліктерін меңгереді. Заттарды өздеріне тән белгілері бойынша біріктіру қабілеттерін меңгереді. Ыдыс-аяқ, жиһаз, киім, аяқ киім, көкөністер, жемістер, көлік және т.б. түсініктерді біледі.

Сөздердің ұғымдық мазмұнын меңгеру балаларға сөздердің ауыспалы, басқаша айтылған мағынадағы сөздерді түсініп, қолданудағы жаңа деңгейге өтуге мүмкіндік береді.

5-6 жастағы балалардың сөздігін толықтыру әлеуметтік өмірдің құбылыстары мен оқиғаларына, адамның ішкі дүниесі мен сыртқы қылықтарына қызығушылығының артуымен байланысты. Түрлі мамандықтағы адамдардың еңбегімен таныстыру

барысында олардың сөздігі заттар мен еңбек құралдарының, жұмысқа қажетті техниканың, еңбек іс-әрекеттері және олардың орындалу сапасының атауларымен толықтырылады.

Сөйлеудің грамматикалық дұрыстығы

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар тілдің барлық негізгі грамматикалық түрлерін қолданулары тиіс. Балалар құрбыларының тіліндегі грамматикалық қателерді анықтауға және оларды жөндеуге, грамматикалық формаларды дербес қолдануға үйренеді.

Сөйлеу мәдениеті

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар дыбыстарды дұрыс айтуға және сөздерге дыбыстық талдау жасау іскерліктеріне үйретіледі. Олар ана тілінің барлық дыбыстарын анық, дұрыс айта білулері тиіс. Күнделікті сөйлесу барысында дыбыстарды дұрыс айта білуге жаттығады.

Өлеңдерді оқып, әдеби шығармаларды мазмұндау барысында балалар түрлі дауыс ырғағының құралдарымен қолдана білуі тиіс: сарын, сөйлеу ырғағы, қисынды екпін. Бұл құралмен балалар өзіне туған емес (орыс және ағылшын) тіліндеріндегі өлеңдерді оқу және әдеби шығармаларды мазмұндау барысында да қолданулары тиіс.

Монолог

Балалар алдына қойылған коммуникативтік жағдайға байланысты білімдік және тұрмыстық әрекеттерді айқындайтын тіл материалының әдістемелік құралына орай, алдын ала дайындықсыз ойындағысын жеткізуі тиіс.

Өзінің пікірін айтуда тілдік тұрғыдан дұрыс рәсімделген, мөлшері 3 сөз тіркесінен кем болмауы тиіс. Пікір айту сипаттамадан (сурет, бұйым, ертегілер кейіпкерлерінің әлпеті және т.б.), оқиғадан (дос, отбасы мүшесі, үй жануары және т.б.) тұруы мүмкін.

Бес жасар балалардың танымдық және сөйлеу мүмкіндіктері жоғары деңгейде артады. Ортаңғы топтағы балалардың әлеуметтік және табиғи жаратылысты меңгеруде әуестігі, белсенділігі, дербестігі жоғары болады.

Тілдердің үштұғырлығы бойынша жұмыстың орталық бағдары оқытудың монологтік түрі, бұл 4 жасар балаларды үлкендер мен құрдастары арасында тілдік қатысымға түсуде дербестік пен бастамашылдыққа тәрбиелеу болып табылады. Монологтік оқыту барысында балалар қатысымдық сөйлеу дағдысына ие болады, сөздік қорын арттырады және грамматикалық дұрыс сөйлеу қалыбын реттейді.

Оқыту мазмұнына өлеңдер, әндер, санамақтар, сондай-ақ мектепте оқыту жағдайларын айқындайтын тілдік құралдар кіреді. Тілдік материал көлемі 70 типтік сөйлеу үлгілерін құрайды, олардың 50-і сөйлеу үшін қолданылады. Сөздік бірліктер көлемінің – 150-і сөйлеу үшін және 200-і тыңдалым үшін.

Тілдің үштұғырлығы бойынша ұйымдастырылған оқу ісінің тақырыптық мазмұндылығы «Қатынас» білім беру саласының білім мазмұнының іріктеу талаптарының принциптері бойынша құралады.

Оқытудың негізгі принциптері: қызықтылық, жүйелілік, түйіндемелік, қолжетімділік, көрнекілік және шынайы қарым-қатынас болуы тиіс.

«Тілдің үштұғырлығының дамуы» курсының аяқталуымен балалар лексика-грамматикалық құрылымдардың зерттелген тыңдалым машықтарын меңгеруі керек, берілген тақырып бойынша айқын сөйлеу, оқып жатқан тілдерде өлеңдер мен тақпақтарды білу.

5-6 сөйлемнен құралған заттарды сипаттайтын шағын әңгімелер, жеке тәжірибеден оқиғалар құрастыру; әдеби шығармалардан түсінгенін айту, суреттер бойынша мәтін құрастыру. Ойыншықтар, суреттер бойынша баяндамалық әңгімелер шығару, жұмбақтар мен салыстырмалы жұмбақтар құрастыру.

Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту барлық салаларда жүзеге асады, бірақ мектепке дейінгі мекемелерде басты оқытудың түрі балалардың сөйлеу қабілетін дамыту бойынша ұйымдастырылған оқыту қызметі болып табылады. «Қатынас» білім саласы құрылымының әрекеті әр түрлі өзара байланыстағы

сөйлеу жұмысының, сөздікті жетілдіру және жаңдандыру, грамматикалық сөйлеу тіркесін қалыптастыру, дыбыстық сөйлеу мәдениетін және т.с.с. тарауының процессі ретінде белгіленеді. Осы кезеңде, мектепке дейінгі жаста, байланысты монолог сөзін дамыту негізгі мақсат болып табылады. Оқытылудағы тілдердің дұрыс айтылуын қалыптастыру барысында есту қабілеті және фонематикалық қабылдау, сөйлеу аппаратының моторикасы, яғни сөйлеу мүшелерінің қозғалғыштығының айырықша мәнділігі бар. Көптілде айтылуын қалыптастыруға фонематикалық есту қабілеті міндетті шарт болып табылады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың фонематикалық қабылдау қабілеті өте жоғары деңгейде дамитындығы байқалады; олар дыбыстарды дұрыс айтып, олардың жінішке және сараланған дыбыстар, сөз түрлері мен жеке дыбыстарды қалыптастырады.

Сараланған дыбысты қабылдау қабілеті акустикалық және артикуляциялық дағдыларды дамыту барысында қалыптасады. Қазақ, орыс, ағылшын тілінде дыбыс шығару біртіндеп қалыптасады. Олар 3 кезең арқылы өтеді:

- 1) артикуляциялық аппаратты дайындау;
- 2) тұйықталған дыбыстың айтылуын нақтылау;
- 3) буындарда, сөздерде және фразалық сөйлеуде буындарды бекіту.

Бірінші кезең сөйлеу аппаратын артикуляциялық қимылдарға дайындауға бағытталған. Бұл шараны арнайы дыбыстық сөйлеу мәдениетін және қазақ, ағылшын тілінде сөйлеуді оқыту бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асыру қажет. Күнделікті тәртіптік сәт уақытында, таңғы гимнастика, жуыну барысында артикуляциялық аппаратты шынықтыру үшін жаттығулар орындауға болады. Дыбысты зерттеу үдерісінің құрылымы фонетикалық қабілетін дамыту әдістемеге кірістірілген «Қатынас» білім саласында ана тілінде оқыту және тәрбиелеу әдістемелік құралында толық сипатталған.

Барлық балалар игеруге міндетті негізгі лексикалық қормен қатар игерілетін белгілі рецептивті лексиканың көлемі: күнделікті әдетті айтылатын сөздер, ұйқастырмаларда және тыңдалымға арналған мәтіндерде кездесетін лексика.

Жаңа сөздерді саралап айтуды жөндеу, тек таза сөйлеу және жаңылтпаштарды қолдану арқылы жүзеге асады.

Сөйлеудің дұрыс ырғағы мен екпінін қалыптастыруда сөйлеу тынысы ерекше орын алады.

Сөйлеу тынысы тыныстық гимнастиканың барысында дамиды. Тыныс гимнастикасында әр түрлі сюжетті жаттығулар қолданылады: («Сағат» «Ұшақ» «Сорап» және т.б.). Тыныс гимнастикасы әр түрлі ойын жаттығулар түрінде өтеді. Балалар мақта шарларын, қағаз сызықшаларын, шарларды үрлейді, сабын көпіршіктерін жібереді және т.б.

Тілдердің үштұғырлығының дамуы барысында келесі ерекшеліктерді ескеру қажет:

— оқытудағы тілдердің сөз әрекетін белсенді түсіну және айту процессі ретінде қалыптасуы керек;

— оқыту әдістемесі қызмет принципіне (қолда бар қызығушылық, қойылған мақсатқа сәйкес теңбе-тең тәсілдер мен мақсаттарды қолдану) негізделуі керек;

— қарапайым пікір айту машықтарын қалыптастыру үшін сөз таңдау, оның өзгеруі, сәйкес ойын жеткізу сөйлемдерін таңдау қажет;

— мектепке дейінгі жастағы балаларды сөйлеу жағдайындағы бағытталу машықтары және оқытылып жатқан тілдегі қарым-қатынасқа оқыту қажет.

Тіл үштұғырлығына кіретін тілдер ұйымдастырылған күрделі жүйені құрайды. Жаңа сөздерді сөйлеуде пайдалану кезінде оларды игеру және қарым-қатынас жасау тек белгілі сөздік қордың жинақталуы мен есте сақталу жағдайында ғана мүмкін.

Сөздік жұмыс тілдер үштұғырлығын оқытудың алғашқы кезеңінде басым болып табылады, себебі тілдерді тәжірибеде игеру алдын ала бейтарап сөздікті жинақтаусыз мүмкін емес. Белсенді сөздікке жаңа сөздерді енгізу: ойыншықтар, нақ пішін, табиғи заттар, сюжеттік суреттер, фотосурет, сызбаларға сүйене отырып, бейнелерді көру

нәтижелі болып табылады. Жаңа сөздердің айтылуы мінсіз, айқын, ашық болуы тиіс. Меңгерудегі тілге енгізілетін жаңалықтар келесі кезеңдерден өту қажет: педагогтің үлгісіне сүйене отырып жаңадан естіген сөздерді елестетіп қалыптастыра білу; сөйлеу кезінде оларды тану және түсіну.

Оқытылу барысына жаңа сөздер мен сөз тіркесі қосылғанда өз ретімен енгізілуі қажет. Жаңа сөздер алғашқы рет енгізілсе, балалардың назарын оларға және ерекше айтылуына аудару қажет. Бірақ балалар жаңалықтарды шамадан тыс қабылдамауына көңіл бөлу керек.

Белсенді сөйлеуде пайдаланылатын сөздер біртіндеп енгізілуі керек және жүйелі түрде қайталанып тұру қажет. Белсенді сөздікті толықтыру фразалық сөйлеуді біртіндеп күрделендіру арқылы жүзеге асу қажет.

Мағыналы мәтінді, тапқақтар, өтірік өлеңдер, санамақтардың екпін мен мәнерлеп айтылуына аса назар аудару қажет.

Айтылу жағынан сөйлеуін жетілдіру, есту ықыласын дамыту, есту арқылы сөйлеуін жетілдіру үшін мынадай әр түрлі тәсілдер қолданылады:

- оқыту тіліндегі педагогтың үлгісіне қарап дыбыс және сөздерді дұрыс айту;
- кейіпкер және бұйымдарды келтіру барысында дұрыс екпінді қолдану; -бұйымдар мен кейіпкерді сахналау кезінде дұрыс екпін пайдалану;
- қажетті мәнерлі құралдар таңдау үшін балаларға қарастырылған сұрақтар;
- сөйлемдерді әр түрлі екпінмен (қуана, ренжулі, немқұрайлы) айту бойынша шығармашылық тапсырмалар;
- жеке сөздер, сөйлем, логикалық екпін қоюлары, дауыс ырғағын және күшін өзгертуді (қосылып, жекеше) қайталау үшін жаттығулар;
- рөлмен оқу.

Жаттау немесе жатқа оқу кең қолданылады (ертеңгілікте орындау, сәбилердің алдында көңіл көтеру, туыстардың сыйлығына және т.б.). Осы жаттығулар баланың күш-қуатын жұмылдырады, әрі басқа тілде өз қалауынша айтуға ықыласын арттырады.

Мектепке дейінгі жастағы үлкен балалардың мәнерлеп сөйлеуі әр түрлі болып қалыптасады, сондықтан ұйымдастырылған оқыту қызметінде бірнеше қатар әдіс-тәсілдер қолданады.

Мектеп жасына дейінгі баланың қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтен жеңілдеткен түрде еске сақтау тәсілдерін қолдану талап етіледі. Балалармен лексикалық мәліметті нақты бекіту үшін, оны бірнеше рет қайталау қажет. Баланың сөздік қорын толықтыру үшін, қайталау барысында тек белгілі ғана емес, жаңа лексиканы пайдалану қажет.

Бастапқы кезеңде орыс тілінде оқытылып жатқан топтардың қазақ, ағылшын тілдерін оқыту барысында лексикалық, грамматикалық және фонетикалық дағдыны қалыптастыруына үлкен назар аудару қажет. Осы дағдылар болмаса сөйлеу өнері айтарлықтай сапалы болмайды, балалар дұрыс айтуды және оқытудағы тілдердің сөйлеу қалыптылығын сақтай алмайды.

Күнделікті, әртүрлі тұрмыстық жағдайда ұйымдастырылған оқу қызметі процессінде және дидактикалық ойын барысында өздігінен әртүрлі сөздіктерді қолдануда жүзеге асады. Маңызды тілдесуді ұйымдастыруды, балалардың сөйлеуге назарын аудару, сөздік қорына, баланың жинақталған сөз құрамы байлығын пайдалану педагогтың рөлі болып табылады.

Театр әрекеті, сүйікті ертегілердің ерекше үзінділерін сахналау, кейіпкерлер диалогін пайдалану орыс және ағылшын тілдерін үйренуді белсендіруге, грамматикалық құрылымды және жүйелі сөздің дамуына мүмкіндік туғызады.

Мектепке дейінгі жастағы баламен (орыс және ағылшын) тілдерді үйрену барысында тілдің үштұғырлығы жағдайында дыбыс мәдениетін меңгеру – балалардың белсенді сөздік қорын толықтыру барысын анағұрлым қарқындатады, тіл байланысын кеңейтеді.

Оқытылып жатқан тілдердің дыбыстарын дұрыс айтуды қалыптастыруға оқыту барысында сөйлеу жаттығуларын өткізу қарастырылған. Мұндай жаттығуға дыбысты жеке сөздің, сөйлемнің ішінде айтылуы кіреді. Педагог балаларды әрбір үйретілетін дыбыстың артикуляциясымен таныстыруға және оның барлық балалармен дұрыс айтылуын қадағалауға міндетті.


Тілдің үштұғырлығын дамытудағы жұмысты дұрыс ұйымдастыру және дұрыс жоспарлау үшін балалардың сөйлеу мүмкіндіктерін дамыту мен байытудың жалпы жағдайын анық білу қажет.

Оқытудағы жетістік көбінесе балалармен жұмыс жасаудың құрылымына тәуелді. Оқытудың басында (2-3 минут) баланы қазақ және ағылшын тілдерінде еркін қызықты араласатын күйге түсіретін, кернеу мен шығармашылықты шешетін оқыту-ойнату әрекеттерін жүзеге асырған дұрыс.

Балалардың белсенділігін арттыру үшін олардың қазақ және ағылшын тілдерінде күлімдеп, жақсы рең білдіріп, : «Жақсы!», «Жарайсың!», «Дұрыс!» және т.б. сөздермен мадақтап отырған дұрыс.

Ұйымдастырылған оқыту әрекетінде балалардың фонематикалық есту қабілетін, сөйлеу қабілеттері мен дағдыларын, қарапайым сөйлеу талдауын дамытуға бағытталған 2-3 минуттық фонетикалық жаттығуды («Фонетикалық минут») өткізу қажет. «Фонетикалық минут» келесі ойындар ретінде өткізілуі мүмкін: «Жаңғырық», «Алқа», «Сағат», «Сөздер адымдайды» және басқалары.

Балаларға таныс емес тілдегі жаңа сөздермен алғаш танысу кезінде кең мағынада көрнекілікті пайдалану қажет. Тек бұйымды көрсету мен оның атын атаумен ғана шектелуге болмайды. Шет тілінің сөзі баланың жадында ешқандай аудармасыз сақталу үшін оның тек есту және көру қабілетін ғана емес, сонымен қатар басқа талдағыштарды іске қосу қажет: түйсіну (бұйымды ұстау), иіс сезімі (мысалға, раушан гүлін иіскеу), татым (мысалы, қант, балдың, тосаптың дәмін көру). Мүмкіндігінше заттың өзін көрсеткен жөн, содан соң ол заттың әртүрлі жағдайдағы басқа заттармен салыстырмалы түрдегі суреттерін көрсету қажет. Мысалы, үстел әр түрлі пішінде, әр түрлі өлшемде және тек қана төрт аяқты емес, үш аяқты да немесе бір аяқты да болады.



Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әлия» бөбекжай – балабақшасы МКҚК

Тақырыбы: *«Балалардың
коммуникативтік қабілеттерінің
дамуында театрландырылған
әрекеттің рөлі»*

Кентау 2022 жыл

Тақырыбы: «Балалардың коммуникативтік қабілеттерінің дамуында театрландырылған әрекеттің рөлі»

Көкейкестілігі: Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. Қазақ халқының өнер жұлдыздарының бірі Ш. Айманов «Театр-адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері-тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес»-деген болатын.

Балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Сондықтан да, театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызын еш уақытта жоймақ емес.

Қазір балабақшаларда балалармен ертегілер мен әдеби шығармаларды рөлмен ойнау, қойылымдар қою жұмыстары жақсы жүргізілуде. Дегенмен де осы жұмыстарды жүргізуде кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтар да жоқ емес. Олардың ең негізгісі қазақ ертегілерінің кейіпкерлерінің қуыршақ театрына арналған қуыршақ киімдерінің жоқтығы. Ертегілердің балалардың жас ерекшеліктеріне қарап іріктелінбегендігі. Қазақ жазушыларының балалар жасына арналған шығармаларының аздығы. Балаларға ертегіні өлең шумақ ретінде берілсе балалар тез түсініп, тез ролімен ойнар еді, тіл байлықтарыда тез молайар еді.

Мақсаты: Театрландырылған қойылымдар арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру, өмірлік оң көзқарастарын тәрбиелеу.

Міндеттері:

- театрландырылған қойылымдар арқылы балалар тілін дамыту;
- сөздік қорларын байыту;
- ауызша сөйлегенде дыбыстарды анық айтуға үйрету;
- кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу;
- байланыстырып сөйлеуге дағдыландыра отырып, шығарма барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету;

Әдіс-тәсілдер:

- балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты материалдарды жинақтау;
- қойылымдарға қажетті театр түрлерін іріктеп, дайындау;
- қойылымдарға керекті көрнекіліктер мен құрал-жабдықтарды дайындау (ширма, атрибуттар, костюмдар т.б.)
- ата-аналармен жұмыс: қойылымдарға ата-аналарды қатыстыру, газеттер, жылжымалы папкалар шығару, қажетті жабдықтар дайындауға көмектесу.

Жұмыстың нәтижесі:

Жұмысты жүйелі жүргізу негізінде төмендегі нәтижелерге қол жеткізіледі:

- балалар тілі дамиды;
- сөздік қорлары толығыады;
- байланыстырып сөйлеуге дағдыланады;
- дұрыс дыбыстау, мәнерлеп сөйлеу дағдылары қалыптасады;
- театр өнеріне деген қызығушылықтары артады.

Театр әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуімен қиялын дамытады. Кезіндегі орыстың ұлы ақыны сахнаны «сиқырлы өлке» деп атаған. Қазақ өнер жұлдыздарының бірі Ш. Айманов «Театр- адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері- тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес» деген сенімде болған. Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеумен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде сахна \театр\ ерекше рөл атқарады. Сахналандырылған ойындар желілі рөлдік

ойындардан тек желілі ғана емес, сондай-ақ ойнау іс әрекетінің сипатымен ерекшеленетіні айқындалған. Сахналандырылған ойындар ойын-қойылымдары болып саналады, өйткені олар әдеби шығармалар түрінде белгілі бір мазмұнға яе, сондықтан балалар кейіпкерлерлі ойнайды. Онда нағыз театр өнеріндегідей айшықты құралдар көмегімен- дауыс ырғағы, бет әлпетінің өзгеруі, қол қимылдары, дене бітімінің жағдайы мен жүріс-тұрысы арқылы нақты бейнелер қалыптасалы. Мектепте ересек жастағы балалардың өзі театр ойындарын өз бетінше ойнамайды. Олардың қызығушылығын, тәрбиешінің ұсынысы бойынша және басқаруымен болатын сахналу ойындары арттырады.

Егер де бірінші сәбилер тобынан бастап, балалар тәрбиешінің көмегімен халық әндерімен кішігірім тақпақтарды, жұбату өлеңдерді, кіші сахна көрністерін ойнаса, екінші сәбилер тобында театрдың ойыншықтарын пайдалана отырып, мұны одан әрі жалғастырса, онда ересектер тобында театр іс әрекеті өз бетінше болуы мүмкін. Нағыз театрдың өзінен көрген, сондай-ақ өздері қойған сахналық ойындар балалардың ой өрісін-көңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге, өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге себебін тигізеді. Ертегілер дүниесіне сапар шегу балалардың қиялдау, елестету, тіпті өздерін ойдан шығару қабілетін дамытады. Әдебиеттің ең озық үлгілерінің адамгершілік рухында тәрбие алған балалар өздері шығарған ертегілермен әңгімелерінде өздерін әділетті көрсетіп, әлсіздермен жәбірленгендерді қорғап жауыздарды жазалауға тырысады.

Барлық балалар театрды тамашалағанды жақсы көреді.

Бала тәрбиесінде әр түрлі театрдың алатын орны ерекше.

Қуыршақ театры баланың дүние танымын қалыптастыруда, үлкен рөл атқарады. Балалар әртістермен бірге күліп бірге жылап отырып, өздерін мазалап жүрген көптеген мәселелердің шешімін табады. Бүгінде бөбектердің дамуына үлкен ықпал ететін қуыршақ театрының құпияларын айтатын болсақ:

-Тілін дамытады, себебі балалардың қолдарының саусақтарының жетілуі мен орталық мидың тілдің дамуына жауапты бөлігіне әсер етеді.

Балалар театрының бірнеше түрлері бар. Ең көп тараған түрі – қуыршақ театры. Қысқа тақпақтарды жаттап, оны өзіне тән орындау кезіне бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнала бастайтыны белгілі. Театр түрлері:

Қуыршақ театры.

Саусақ театры.

Көлеңке театры.

Ойыншықтар театры.

Саусақ театры: театр қуыршақтарының ішіндегі ең жеңілі, қол жетімдісі.

Саусақ театрын сабақтан тыс кезде де қолдануға болады.

Ас ішер алдында қолдануға болады.

Тамақ ішер кезде саусақ қуыршағы арқылы: \тақпақ айтуға болады\

Тамақ ішер кез келді

Сөйлемейміз, күлмейміз

Астан басқа өзгені,

Көзімізге ілмейміз. / астарың дәмді болсын/

Балаларға арналған көркем шығарманы оқыту неғұрлым дұрыс ұйымдастырылса, мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын дамыту соғұрлым табысты болады. Тіпті кішкентайлар тобынан тобынан бастап-ақ тақпақпен қысқа өлеңдерді айтқызығанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін үстел үстіндегі театрды, қысқа сахналық қойылымдар көрсетуді қолдана берген жөн.


-Бірінші кезеңде балалар ұжым болып, ертегі мәтінін ауызша айтады.

-Екінші кезеңде ертегінің барлық кейіпкерлері үшін оқып шығу бір балаға ғана ұсынады.

-Үшінші кезеңде балалар бір неше шығармашылық тапсырмаларды орындайды.
(қорқыныш, қуаныш сезімдерін көрсете білу және т.с.с.)

-Төртінші кезеңде рөлдерге бөлініп, ертегіні оқу жүзеге асырылады.

Қорыға келгенде, театр балалардың көркем қабілеттіліктерінің жетілдіріп қана қоймай оларды тұлға аралық қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Сонымен бірге сахнаға бейімделген балалардың бойында өзіне деген сенім артып, алғашқы қол шапалақтауларды сезіне алады. Қалай десекте театр- балалар үшін мереке, демалыс орны. Ал осындай бақытқа жол ашу біздер, тәрбиешілер үшін үлкен табыс.



Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әлия» бөбекжай – балабақшасы МКҚК

**Тақырыбы: «АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ
ГИМНАСТИКАНЫҢ
ДЫБЫСТАРДЫ ДҰРЫС
АЙТУДАҒЫ РӨЛІ»**

Кентау 2022 жыл

«АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ ГИМНАСТИКАНЫҢ ДЫБЫСТАРДЫ ДҰРЫС АЙТУДАҒЫ РӨЛІ»

Қиын дыбыстарды айту үшін баланың еріндерімен тілі күшті және балкылдақ болу керек. Осы жағдайда ұзақ ұстау қинамай бірнеше рет бір қимылды басқа қимылға ауыстыру. Осыларға артикуляциялық жаттығулар көмек береді.

Артикуляциялық жаттығулар не үшін қажет:

1. Артикуляциялық жаттығулар есте сақтау қабілетінің дамуы арқылы, балалар таза және дұрыс сөйлеуге үйренеді.
2. Логопед жұмыс бастаған кезде балалардың дыбысты айтудағы қателері тез жөнделеді. Олардың бұлшықтары оған дайын болады.
3. Дыбыстарды анық айтпайтын балаларға артикуляциялық жаттығулар қажет.
4. Балалар мен ересектердің дұрыс нақты және әдемі сөйлеуіне артикуляциялық жаттығулар көмек береді.

Жаттығуларды өткізуге ескерту:

1. Бірінші жаттығуды айнаның алдында жай жасайды, өйткені балаға қимылды бақылау керек. Бала үйренген соң айнаны алып қояды. Балаға дәлден сұрақтар қою керек. Мысалы: еріндер не істеп жатыр? Тілің не істеп жатыр? Ол қайда тұр (жоғарыда әлде төменде ме)?
2. Кейін жаттығуды тездетіп есеп арқылы жасауға болады. Бірақ сол кезде бақылау жасау керек. Жаттығуларды дұрыс және сазды жасау керек.
3. Күніне 5-7 минут көлемінде 2 рет қайталап жасатады (таңертең және кешке).
4. 3-4 жастағы балалар маңызды қимылдарды игеруі керек.
5. 4-5 жастағы балалардың қимылдары нақты және саздылық болуы керек.
6. 6-7 жастағы балалар жаттығуларды тез жасайды. Тілде бір қалыпта сақтап ұстай алады.

Егер сабақ барысы кезінде баланың тілі дірілдеп, қиналып тұрса, тілдің керекті жағдайын ұстай алмаса міндетті түрде логопедке көрінуі керек. Ерекше уқалау және логопед-дәрігердің көмегі қажет болуы мүмкін.

Қалыпты дамыған бала 4-5 жаста ана тіліндегі барлық дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстырып сөйлеуге тиісті. Бірақ мектепке дейінгі жастағы балалардың арасында кейбір дыбыстарды бұзып, алмастырып шатастыруы жиі кездеседі. Әсіресе, с, з, ш, ж, л, р дыбыстары жиі бұзылады.

Сөйлеу тілінің әр түрлі кемшіліктері баланың жалпы дамуына, оқу мен жазу дағдыларының, мінез-құлқының қалыптасуына кері әсерін тигізеді.

Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу қалыптастыруы тұлғаның толыққанды дамуын береді. Бес жасқа қарай бала ана тілдің барлық дыбыстарының анық айту керек.

Қойылған дыбыстардың бекітуі ойындардың және сөздердің дыбыстайтынынан басталады. Ересек бұл буындарды, сөздерді оқиды, ал бала оны қайталайды. Әрі қарай дұрыс дыбыстауы қысқа сөйлемдерде және тіл ұстартуларда бекітіледі.

ДЫБЫСТАРДЫҢ БЕКІТУІ(автоматизация)

«С» дыбысының сипаттамасы

Дауыссыз, ауыздық, жарықшақты, тілалды, меңіреу, қатты.

Артикуляцияның дұрыс сипатталуы

- * Ерін күлкіде, тістер көрініп тұр.
- * Тістері бір-біріне жақын, бірақ қабыстырылған емес.
- * Тілдің ұшы төменгі тістердің артында.
- * Тілдің арқасының алдыңғы жағы үстіңгі тістермен жарықшақтық жасайды.
- * Тілдің арқасының шеттері жанындағы тістеріне мықты орналастырылған.
- * Тілдің ортасынан ауаның салқын ағымы өтеді.
- * Ауа ағыны ауыз арқылы өтеді.
- * Дауыс байламдары ашық, бірақ дауысы шықпайды.

«С» дыбысы буындарда, сөздерде және сөйлемдерде

Тапсырма: Тура сұйықтарды дұрыс дыбыстау
са-са-са, со-со-со, су-су-су, сы-сы-сы, се-се-се, сі-сі-сі, сә-сә-сә, сү-сү-сү, т.б.

Тапсырма: «Сөзді жалғастыр» ойыны

-са

-су

-сы

ма...	ко...	жа...
жа...	ке...	қа...
ко...	те...	та...
ала...	а...	қай...
жара...	қа...	тұ...
қара...	та...	құ...
қой...	жа...	ба...
сой...	то...	тұрмы..
жай...	тү...	туы...
той...	ба...	жақ...

Сөздерді анық дыбыстау:

сағыз, сабын, сағат, сауат, самат, самаурин, самұрық, сазгер, сыншы, сыр, сырлау, сылтау, сырға, сыбыр, сыбдыр, сәукеле, серік, серпер, серт, сөзім, сенім, сезік, семіз, сегіз, секір, сүт, сүй, сүйме, сүйкімді, сұр, сүр, сүрлеу, серке, серпін, сүзбе, сілте, сілтеу, сиыр, сауын, сапыр, сырма, сырт, сырқат, сырақ, сызық, сын, сынақ, Сырымғh, сыбызғы, сабау, сұрақ, сәске.

көсеу, төсе, төсек, тесік, бөстек, тостак, үсті, ортасы, түс, құстар, тес, іс, істік, ыстық, қасқыр, қосу, қасу, қарсы, осы, кесе, көсе, кесек, кепсер, кескін, кесте, кеспе, кәсіп, көксерек, бестерек, бесін, бесік, бесті, есті, ескі, есік, есер, есек, өсек, өсік, асық, аспан, сәске, асыра, парсы, есту, есер, бесеу, үсті, аласа, балауса, бәсеке, лесу.

мес, тес, жас, тұс, құс, түс, елес, күрес, төбелес, топас, тұрмыс, қылмыс, туыс, қуыс, кебіс, кеңес, теңес, уыс, теріс, бас, қас, тас, төс, бес, тегіс, царыс, барыс, егіс, соғыс, тоғыс, таныс, жарас, құрдас, бос, қос, лас, пәс, кес, тіс, қыс, тыс, қамыс, жұмыс, рас, жеміс, күміс, дұрыс, бұрыс, жұлыс, қымыз(с), қарындас, тұтас.

Тапсырма: Сөйлемдерді анық дыбыстау

Сара сағыз сатып алды.

Самат сүт ішті.

Сания сиыр сауды

Сәкен сурет салды.

Серік сегіз сарымсақ алды.

Сырлы ыдыста сусын бар.

Себетте сегіз саңырауқұлақ бар.

Сырдария — сыр елінің өзені.

Сырымда сол қолында сабын оң қолында сүлгі бар.

Сегіз қыз секіргішпен секірді.

Сыныпта сегіз оқушы отыр.

Сырғалының сырғасы сылдырлады.

Сәрсенкүл сүлгімен бетін сүртті.

Тіл ұстартуларды қайтала:

са-са-са — шағып алды маса,

сы-сы-сы — жақсы была қайсы?

се-се-се — қолымда кесе,

сі-сі-сі — үлкен кісі,

су-су-су — нанды кесу,
сек-сек-сек — жина төсек,
ас-ас-ас — ауырып жатыр бас,
ос-ос-ос — менің қолым бос,
ұс-ұс-ұс — ұшып жатыр құс,
ес-ес-ес — мен алдым бес,
іс-іс-іс — ауырып жатыр тіс,
өс-өс-өс — күйеу балаға төс,
эс-эс-эс — Сәбит бүгін мәз(с),
үс-үс-үс — келіп қалды күз(с),
ыс-ыс-ыс — далада суық қыс.

Тапсырма: Жаңылтпаштарды қайтала

Сұр інгенді сүрінгенде демейін,
Сүрінгенді сүрінген еді демейін.

Есет атам ет асатар,
Ет асатса бес асатар.

Шүрегей сүңгігіш пе,
Сүңгуір сүңгігіш пе?

Құрықтан құлдырап түстім,
Сырықтан сылдырап түстім.

Суда сең келеді,
Сегіл серке тең келеді.
Суға сақалын мала, сілке,
Суға сақалын мала, сілке.

Қыста құлағым үсіп кетті,
Үсіп, үсіп кетті.

Саумен сүйменмен мұз бұлады,
Суда жүзген мұзды сүзеді.

«З» дыбысының сипаттамасы

Дауыссыз, ауыздық, жарықшақты, тілалды, дауысты, қатаң.

Артикуляцияның дұрыс сипатталуы

* Ерін күлкіде, тістер көрініп тұр.

* Тістері бір-біріне жақын, бірақ қабыстырылған емес.

* Тілдің ұшы төменгі тістердің артында.

* Тілдің арқасының алдыңғы жағы үстіңгі тістермен жарықшақтық жасайды.

* Тілдің арқасының шеттері жанындағы тістеріне мықты орналастырылған.

* Тілдің ортасынан ауаның ағымы өтеді.

* Ауа ағыны ауыз арқылы өтеді.

* Дауыс байламдары қабыстырылған және діріл пайда болады, дауыс пайда болады.

«З» дыбысы буындарда, сөздерде және сөйлемдерде

Тапсырма: Тура буындарды дұрыс дыбыстау

за-за-за, зы-зы-зы, зу-зу-зу, зе-зе-зе, зі-зі-зі, т.б.

Тапсырма: «Сөзді жалғастыр» ойыны

-за	-зы	-зу	-зі
жа...	қо...	жа...	ке...
қа...	жа...	тө...	кө...
та...	қа...	жү...	сө...
ма...	тұ...	тү...	бі...
ри...	қы...	бұ...	бе...
ора...	қары...	қа...	негі...
бо...	тоғы...	се...	егі...
ро...	жалғы...	е..	семі...
қо...	жалбы...	бе... сәбі...	
то...	қора...	қо... мүйі...	
зау...	мұ...	то...	кигі...
бұға...	со...	бө...	
ауы...	о...	жү...	

Тапсырма: Сөздерді анық дыбыстау

зат, зар, сауық, заман, зере, зият, зор, зорлық, зарлық, зырлауық, зымыран, зәуре, Заттыбек, Зейнеп, Зияда, Зайсан, Зағира, Зейне, Замира, Зинахан, Зауза, Зеңірек, за, Зура, залым, зан, Зухра, Зульфия, зақым, зауыт, Зара.

таза, жаза, маза, қаза, қоза, қызық, жазық, озық, тозық, тұзақ, қазақ, созақ, боз, боза, базар, жезде, жүзім, жүзік, азық, қазық, әзір, әзім, әзер, назар, ізгі, ұзақ, қызанақ, қозы, Азат, Азамат, Бекзат, Гүлзат, Назира, Жазира, безеу, күзетші, азап, бұзау, перзент, өзен, кезен, қазан, ұзын, сызық, сезім.

қыз, күз, тұз, жүз, мұз, біз, қаз, жаз, тез, таз, түз, Наурыз, қымыз, қауыз, жауыз, қарыз, бұғаз, буаз, қарбыз, сәбіз, сағыз, тоғыз, семіз, өткіз, жеткіз, сөз, саз, без, боз, сіз, жалғыз, қағаз, кез, мәз, көз.

Тапсырма: сөйлемдерді анық дыбыстау:

Замираның көзі әдемі.

Зымыран ғарышқа зулады.

Зейнеп зергелік бұйым алды.

Зере — зиялы адам.

Злиха әдемі көйлекке зар болды.

Зымыран көк аспанға зымырайды.

Зәуре Заманбектің қызы.

Заттыбек Зайсан көлінде жүзді.

Зағираның деңсаулығы зор

Зина зерттеу жұмыстарын жазды.

Залдағы көрермен қызу қол соқты.

Әзіл — әзіл, әзіл түбі — зіл.

Занды бұзуға болмайды.

Тапсырма: Тіл ұстартуларды қайталау

за-за-за — менің қолым таза,

зы-зы-зы — мен жедім қазы,

зі-зі-зі — қоянның қисық көзі,

зу-зу-зу — өзенге жүзу,

зам-зам-зам — күрек пе жерді қазам,

зан-зан-зан — ошақ үстінде қазан,

зен-зен-зен — өте терең өзен,

аз-аз-аз — ұшып кетті қаз,

ез-ез-ез — келе қойшы тез,

із-із-із — кездесейік біз,
ұз-ұз-ұз — асқа салатын тұз,
үз-үз-үз — биік жартас күз,
әз-әз-әз — балалар бүтін мәз,
оз-оз-оз — түрін неге боз?
ыз-ыз-ыз — іштім бүтін қымыз.

Тапсырма: Жаңылтпаштарды қайталау

Зура зурнада ойнады,
Зурнада біргана Зура ойнайды деме,
Зара да, Зере де зурнада ойнайды

Зерек зергер зерделеп,
Зергерлеуші зер зерлеп.
Зерлілер затын зерлеткен

**«Әлия» бөбекжай – балабақшасы МКҚК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №2**

24.10.2022 ж

Тақырыбы: *«Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту»*

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №1 педкеңес шешімінің орындалуы
2. **Тақырыптық бақылау** «Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптасуы».
Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру
3. 1) Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күнібойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту
2) **Кітап бұрышын жасау**, толықтыруға ата-аналарды тарту, ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау
4. «Балалардың коммуникативтік қабілеттерінің дамуында театрландырылған әрекеттің рөлі»
5. **Педагогикалық ой-салулар қоры:**
«Артикуляциялық гимнастиканың дыбыстарды дұрыс айтудағы рөлі»
6. 6. «Коммуникативтілікті дамыту және командамен жұмыс істей білуге арналған ойындар»
7. Педагогикалық кеңес шешімі

ТЫНДАЛДЫ:

Педагогикалық кеңесті педкеңес төрайымы Куляш Абжалиқызы ашты. Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті.

2-ші мәселе бойынша «Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптасуы» тақырыбына тоқталып өтті. Қазіргі таңда еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты - ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың жырамас бөлігі болып отыр. Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен

тәрбиелеудің негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуымен дамуы болып отыр.

Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырына нықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Әрине, олушін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Яғни, инновациялық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру - басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеуді әртүрлі технологиялары жасалып енгізілуде. Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген инновациялық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б.

Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ. Мақсаты - мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Кезкелген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жандүниесін етеренуңіліп оны ұғына білуді талап етеді-деді.

3-ші мәселе бойынша әдіскер С.Н.Байболова сөз алды: Үйрету іс-әрекетін ұйымдастырудың жетекші түрі – топпен жұмыс істеу болып табылады. Топтардың толымдылығы – 20-25 адамнан артық болмау керек. Тілді дамыту бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері барысында алынған білім барлық режимдік кезендердің үдерісінде күнделікті: сәлемдесу, киіндіріп шешіндіру, тамақ ішу, ұйқыға дайындық, ойындар мен серуендер барысында бекітіледі.

Әдістемелік құралдың педагогикалық пайдалылығы – мектеп жасына дейінгі балаларға тілдердің үштұғырлығын үйрету көптілді тұлғаның негізін қалыптастырудағы алдын-ала маңызды кезендерінің бірі ретінде қарастырылуында болып табылады. Тілдердің әдістемелік құралының мазмұны негізінде балалардың үйреніп жатқан тілдерінде сөздердің, дыбыстардың, сөйлемдердің дұрыс айтылуы қалыптасады, сөздік қоры жинақталады, ана тіліндегі және басқа тілдегі сөзді түсіну мен қабылдау және жеңіл диалог құруға қатысу біліктері қалыптасады.

Әдістемелік құралдың педагогикалық маңыздылығы мектеп жасына дейінгі балалардың заманауи қоғамдағы жалпы қолданылатын тілдердің негізін меңгерумен шарттастырылады.

Ары қарай қазақ тілі мұғалімі Сандуғаш Бакировна сөйледі:

Заттық-дамытушы орта тілдік кеңістікке ену үшін:

- таспа, диск және басқа да тасымалдағыштарда музыкалық аудио материалды;
- сөздік, үстел үстіндегі баспа ойындары, құралдар, кітаптарды;
- жағдайға байланысты, рөлдік, лексикалық мазмұны бар сахналандырылған ойындарды;
- ертегілерді сахналау, тақпақтарды мәнерлеп оқуда балалар өздерінің жетістіктерін көрсете алатын ертеңгіліктер мен мерекелерпайдаланылады.

Мектепке дейінгі оқыту тұжырымдамасының негізін қалайтын кезендер оқытудың әдістемелерін, тәсілдерін, үлгілері мен құралдарының спектрін кеңінен қолдануға әкеледі. Бұл ретте балалардың жеке, сонымен қатар, олардың жалпы мәдени дамуы мен микро әлеуметтік ортасы – отбасының ерекшеліктері ескеріледі.

Негізгі тәсілдері:

- а) балаларға таныс емес тілде үлкендердің тіліне еліктеуі;

- б) көру, есту және әсем бейнелерді құру. Нәтижесінде, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде оқытудың ауызша емес құралдарының басымдылығы (суреттер, заттардың графикалық бейнелері мен сөйлемдердің құрылымдары, музыка);
- в) оқу-дидактикалық ойындарды қолдану;
- г) жұмбақтар;
- д) өз ойын білдіріп, өзін-өзі бағалауды арттырудағы психологиялық кедергілерді болдырмайтын ертегілер мен шағын әдеби шығармаларды драмалау.

Жұмыс ұстанымдары:

1. Мадақтаудың түрлі құралдарын қолдану, ауызша және материалдық.
2. Бала бойында баланың тілдік қабілетін арттыратын педагог пен балалар арасындағы оң қарым-қатынастарды қалыптастыру.
3. оқыту үдерісінде педагогтің сөйлеу тілінің баланың жаңа үйреніп жатқан тілде 90% болуы.
4. Лексиканы жүйелі енгізу: лексикалық тапсырмаларды арттырып, біртіндеп бекіте отырып 3 сөзден бастау. Соңында күнделікті өмірде жинақталған сөздік қорын арттыру.
5. Балалардың қысқа мерзімді есін ескере отырып, әрдайым алдыңғы өткен материалға қайта оралып, оны келесі қайталауларға енгізу.
6. Сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған дұрыс тілдік құрылымдарға үйрету.
7. Жұптық және топтық үйретулерге айрықша ықылас бөлу. Бұл топта қолайлы психологиялық ахуал құруға және тілдік кедергілерді жоюға көмектеседі.
8. Педагогтің сұрақтары мен бұйрықтарына әсерінің жылдамдығын дамытады-деді.

4-ші мәселе бойынша Ақнұр Жантасовна сөз алды: Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. Қазақ халқының өнер жұлдыздарының бірі Ш. Айманов «Театр-адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері-тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес»-деген болатын. Балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Сондықтан да, театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызын еш уақытта жоймақ емес. Қазір балабақшаларда балалармен ертегілер мен әдеби шығармаларды рөлмен ойнау, қойылымдар қою жұмыстары жақсы жүргізілуде. Дегенмен де осы жұмыстарды жүргізуде кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтар да жоқ емес. Олардың ең негізгісі қазақ ертегілерінің кейіпкерлерінің қуыршақ театрына арналған қуыршақ киімдерінің жоқтығы. Ертегілердің балалардың жас ерекшеліктеріне қарап іріктелінбегендігі. Қазақ жазушыларының балалар жасына арналған шығармаларының аздығы. Балаларға ертегіні өлең шумақ ретінде берілсе балалар тез түсініп, тез ролымен ойнар еді, тіл байлықтарыда тез молайар еді- деді.

Педагогикалық кеңестің 5-ші мәселесі бойынша шығармашылық топтан П.Б.Бектурсынова сөз алды. «**АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ ГИМНАСТИКАНЫҢ ДЫБЫСТАРДЫ ДҰРЫС АЙТУДАҒЫ РӨЛІ**» тақырыбына тоқталды. Қиын дыбыстарды айту үшін баланың еріндерімен тілі күшті және балқылдақ болу керек. Осы жағдайда ұзақ ұстау қинамай бірнеше рет бір қимылды басқа қимылға ауыстыру. Осыларға артикуляциялық жаттығулар көмек береді.

Артикуляциялық жаттығулар не үшін қажет:

1. Артикуляциялық жаттығулар есте сақтау қабілетінің дамуы арқылы, балалар таза және дұрыс сөйлеуге үйренеді.
2. Логопед жұмыс бастаған кезде балалардың дыбысты айтудағы қателері тез жөнделеді. Олардың бұлшықтары оған дайын болады.
3. Дыбыстарды анық айтпайтын балаларға артикуляциялық жаттығулар қажет.

балалар мен ересектердің дұрыс нақты және әдемі сөйлеуіне артикуляциялық жағтыгулар көмек береді.

Жаттығуларды өткізуге ескертпе:

1. Бірінші жағтығуды алдында жиі жасайды, өйткені балаға қимылды бақылау керек. Бірақ үйренген соң алдына алып қояды. Балаға дәлден сұрақтар қою керек. Мысалы: еріндер не іетен жатыр? Тілдің не іетен жатыр? Ол қайда тұр (жоғарыда әлде төменде ме)?
2. Кейін жағтығуды тездетіп есең арқылы жасауға болады. Бірақ сол кезде бақылау жасау керек. Жаттығуларды дұрыс және сәтті жасау керек.
3. Күніне 5-7 минут көлемінде 2 рет қайталан жасатады (түнертең және кешке).
4. 3-4 жастағы балалар маңғызды қимылдарды игеруі керек.
5. 4-5 жастағы балалардың қимылдары нақты және сәтті болуы керек.
6. 6-7 жастағы балалар жағтығуларды тез жасайды. Тілде бір қалыпта сақтан ұстай алады.

Егер сабақ барысы кезінде баланың тілі дірліден, қиылап тұрса, тілдің керекті жағдайын ұстай алмаса міндетті түрде логопедке көрінуі керек. Ерекше уақыт және логопед-дәрігердің көмегі қажет болуы мүмкін.

Қалыпта дамыған бала 4-5 жаста ана тіліндегі барлық дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстарын сөйлеуге тиісті. Бірақ мектепке дейінгі жастағы балалардың арасында кейбір дыбыстарды бұзып, алымастырып шатастыруы жиі кездеседі. Әсіресе, с, з, ш, ж, л, р дыбыстары жиі бұзылады.

Сөйлеу тілінің әр түрлі кемшіліктері баланың жалпы дамуына, оқу мен жазу дағдыларының, мінез-құлқының қалыптасуына кері әсерін тигізеді.

Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу қалыптастыруы тұлғаның толыққанды дамуын береді. Бес жасқа қарай бала ана тілдің барлық дыбыстарының ашық айту керек.

Қойылған дыбыстардың бекітуі ойындардың және сөздердің дыбыстайтыннан басталады. Ересек бұл буындарды, сөздерді оқиды, ал бала оны қайталайды. Әрі қарай дұрыс дыбыстауы қысқа сөйлемдерде және тіл ұстартуларда бекітіледі- деп сөзін аяқтады.

ШЕШІМІ:

1. Өткізілетін іс – шаралардың барлығы жоспарлы түрде жүргізіліп, жоспарлар мен сценарийлер әдістемелік кабинеттің қорына уақытылы өткізілсін.
2. Іс – қағаздарын ұқыпты жүргізу, әр тәрбиешіге қатаң ескертіліп, қатаң бақылап отыруын әдіскер С.Н.Байболоваға жүктелсін.
3. Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқыналған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту тәрбиешілерге жүктелсін.
4. Кітап бұрышын жасау, толықтыруға ата-аналарды тарту, ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау
5. Келесі педагогикалық кеңестің тапсырмаларын орындау, ұйымдастырылған ашық оқу іс – қызметтерін хабарлау және орындалуын тәрбиешілер және әдіскерге міндеттелсін.

Педагогиканың тарайымы:



Doels

К.А.Досмуратова

С.Ш.Садықова